

Р. Калдыбекова¹, Б. Абдиманапов¹, Н. Карменова², Г. Бердыгулова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: Razia-75@mail.ru)

ORCID ID: 0000-0003-1751-6962,
0000-0003-2377-6031,
0000-0002-7903-6115,
0000-0003-1099-1154

Оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын сұрақ қою әдісі арқылы қалыптастыру жолдары

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелері тұр. Өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіби және интеллектуалдық қабілеттерді қажет ететін жағдайларда өмір сүруде. Мақалада географиядан *жаңартылған білім мазмұны* жағдайында оқушылардың *жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыру* жолдарын қарастырудың маңыздылығы қарастырылған. Өйткені, оқушы мектепте алған білімді өмірде орынды пайдалана білуі жоғары деңгейдегі ойлау дағдылары арқылы іске асырады. *Жоғары деңгейде ойлауды (ЖДО) қалыптастыру* — бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты өз санасында сақтауға, бағалауға, талдауға және одан әрі шығармашылық дағдыларды оқушы бойына сіңіру болып табылады. Мақаланың кіріспе бөлімінде ойлау дағдыларын қалыптастыруда философиялық, педагогикалық-психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолулар жасалып, ғалымдардың осы тұрғыдағы көзқарастары мен тұжырымдары туралы ой қозғалған. Сонымен қатар мақаланың негізгі бөлігін қамтитын экспериментте географиялық білім берудегі жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыру жолдарын нақтылауға арналған төрт апталық зерттеу бағдарламасы (9-сынып) бойынша зерттеу жұмысы нәтижелері мен қорытындысы ұсынылған. Диагностикалық бағалау кезеңі мен жүргізілген эксперименттен кейінгі нәтижелердің қорытындысы бойынша, қолданылған әдістің тиімді тұстары баяндалған.

Кілт сөздер: соқраттық сауал қою әдісі, жаңартылған білім, Блум таксономиясы, ойлау дағдылары, танымдық жіктеме, педагогикалық эксперимент, диагностикалық бағалау кезеңі, қорытынды нәтижелер.

Кіріспе

Ойлау дағдылары туралы тарихи, ғылыми көзқарастар ерте заманнан бүгінгі күнге дейін көптеген философтар, психологтар, педагогтердің ғылыми еңбектерінде орын алған. Заман талабына сай аталған тақырыптағы ойлар мен тұжырымдамалар уақыт пен қоғам талабына сай жүйеленіп келеді [1].

Ойлау жүйелілігінің оқытудағы маңыздылығын дәріптеген ежелгі грек ойшылы Сократ өз шәкірттерімен пікірталас жүргізуде дұрыс жауапқа әкелетін сұрақтар қоюға бағытталған оқыту әдісін қолданған. Жоғары деңгейдегі ойлауды қалыптастыруға бағытталған жүйелі сұрақ қоюдың бұл түрі қазіргі ғылымда *соқраттық сауал қою әдісі* деп аталады. Оның ізін жалғастырушы Платонның пікірінше, оқытудың осы әдісінің қағидасы — оқушы білімін ең жоғарғы деңгейге көтеру үшін мұғалім өзін білімсіз күйде көрсетуі тиіс.

Сократтық сауал қою білім берумен байланысты тұжырымдама ретінде соңғы 20 жылда оқытуда кең қолданысқа ие болды. Қазақстан мектептері мен басқа да білім беру мекемелеріндегі кейінгі реформалардың басты мазмұны — соқратша сауал қою әдісіне ұқсайтын оқушы белсенділігін арттыруға негізделген.

Жаңартылған мазмұндағы танымдық дағдылардың жоғарғы деңгейін қалыптастырудың алғышарты білім алушыны ойлауға үйрету деп есептелсе, ойлануға және ынталануға мүмкіндік беретін маңызды элементтердің бірі — сұрақтар [2].

Ғалымдардың пікірінше, сұрақтарды дұрыс қою көптеген сұрақтарға жауап береді, сондай-ақ,

күрделі психикалық үдерістердің іске асуын қажет етеді. Дұрыс сұрақ қоя білу ақылдың немесе көрегендіктің маңызды және қажетті компоненті болып табылады. Сұрақтың өзі мағынасыз болып, жүйесіз берілсе, ол адамды мағынасыз жауап беруге итермелеп, қабылдайтын ұғым немесе ақпарат толық емес немесе қажетсіз күйде қалып қояды.

Сұрақтар арқылы адам белгісіздікті анықтап, мәселенің шешімін табуға әрекеттенеді, яғни дұрыс қойылған сұрақтардың көмегімен мұғалім оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі.

Сұрақтар — адамның санасындағы танымдық қызметтердің белсенділігін арттырады. Сондай-ақ сұрақтар арқылы кейбір мәселелерді анықтауға болады, кейде тіпті оларды шешудің де жолдары айқындалып қалатын сәттері болады. Сұрақтардың қойылуы нәтижесінде адам белгісіздікке *өткел* жасауға талпынады. Сұрақ сөзінің ағылшынша аталуы «quest», мағынасы белгісіздікпен немесе тәуекелмен байланысты *ізденіс* деген мағынаны білдіреді [3].

География сабақтарында оқушылар өтілетін тақырыптар бойынша берілген мәтіндермен оқып танысады. Оқулықтардағы мәтіндер соңында берілетін сұрақтар оқыған тақырыптың мазмұнын жеткізе түсіндіруге бағытталған пысықтау сауалдары ретінде ұсынылады. Сабақ кезінде қойылған сапалы сұрақтар оқушылардың бұрыннан жинақталған білімдерін қолданып жаңа идеялардың пайда болуына мүмкіндік туғызады.

Дәстүрлі білім беру жүйесінде, оқушылар тек қойылған сұраққа жауап береді, өздері сұрақ қоюы өте сирек кездесетін жағдай. Жылдар бойы мұғалім оқушыларға өзі алдын ала жауабын білетін сұрақтарды қойып, жалықтыратын сабақтарды өткізетіні әлем ғалымдарының ғылыми-әдістемелік зерттеулерінде жиі айтылады [4].

Мұғалім тарапынан қоятын сұрақтардың қажеттілігі маңызды, дегенмен сұрақ қою мүмкіндігін жиірек оқушыға беріп отырса баланың қажетті ақпаратты алу мақсатында сұрақты түсінікті, жинақы сұрақтар құрастыруға үйренуі арқылы ЖДО дағдыларын қалыптастыруына ықпал етеді.

Сұрақтардың дұрыстығы мен терең мағыналылығы оқушының ойлауының деңгейінен ақпарат береді (1-сурет).



1-сурет. Өртүрлі мәселелерге сұрақтың тереңдеуі

Сұрақтың сапалығы оқытылып жатқан пәннің қаншалықты дұрыс беріліп жатқанын да ақпарат алуға мүмкіндік береді. Әдетте мұғалімдер оқушының сұрақ қойғанын қаламайды. Мұның себебі, ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, мұғалім өзінің құзыреттіліне сенімсіздігі болып табылады. Яғни, оқушының қойған сауалына жауап бере алмай қалудан жасқанады. Ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесіне сүйенсек, оқытуда мұғалімдер өздері білмейтін сұрақты да қоя беруі қажет [5].

Жаңартылған білім беру бағдарламасы география пәнінен оқушының өз бетінше жұмыс жасайтын, ақпаратты талдай білетін, адамгершілік және рухани құндылықтары жоғары тұлға болып қалыптасуына бағытталған оқу мақсаттарын ұстанған жоғары деңгейдегі ойлау жүйесін қалыптастыруға бағытталады.

Қазіргі білім берудегі басты бағыт — ойлауды дамыту болып табылады. Оқушыға білім дайын күйінде берілмейді, керісінше, оқушылардың өздерінің ізденуіне, ойлануларына мүмкіндік жасалынады. Ал, мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясын, білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай етіп ұйымдастыру талап етіледі [6].

Ұлттық сана-сезім, ұлттық патриотизм, ұлттық ойлау қабілеті оқушыға білім беру үдерісінде ескерілуі тиіс негізгі міндеттің бірі болуы қажет. Білім беруде отансүйгіштік, өз еліне деген шексіз құрмет сезімі арқылы оқушының ой тұжырымдауы ел ертеңі үшін аса маңызды.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысының болжамды нәтижелерін апробациядан өткізу үшін педагогикалық эксперимент ұйымдастырылды.

Педагогикалық эксперимент — педагогикалық үдерісті нақты бір өлшеммен немесе есеппен түрлендірудің ғылыми тұжырымдалған тәжірибесі.

Эксперимент зерттеушінің географияны оқыту барысында кездесетін құбылыстарды зерттеу үшін ең қолайлы жағдайларды туғызу мақсатында оқушылардың іс-әрекеттеріне белсенді түрде араласуын қарастырады. Педагогикалық экспериментті толығырақ сипаттайтын болсақ, бұл ескерілетін және бақыланатын жағдайлардағы педагогикалық құбылыстарды бақылауға мүмкіндік беретін оқу-тәрбие үдерісін жүргізудің ғылыми негізделген және ұйымдастырылған тәжірибесі.

Педагогикалық-эксперимент жұмысының *мақсаты*: жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін айқындау.

Тәжірибелік-педагогикалық эксперимент үш кезеңде (айқындау, қалыптастыру, қорытындылау) ұйымдастырылды.

Педагогикалық-эксперимент жұмысы алдына келесі *міндеттер* қойылды:

- берілген мәтін бойынша ойлау дағдыларының жоғары деңгейінде сұрақтар құрастыруға және сұрақтарды Блум таксономиясындағы танымдық (когнитивті) ойлау деңгейлері бойынша жіктеу алуға үйрету;

- жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын дамытуда сұрақ құрастыру әдісінің тиімділігіне көз жеткізу;

- тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындысын сараптау және оны талдау, ұсыныстар беру.

Ең алдымен, эксперимент жүргізуге қолданатын әдісті таңдау мақсатында әртүрлі кезеңдердегі ғұлама педагог, әдіскерлердің зерттеу тәжірибелеріне сүйендік.

Жоғарыда келтірілген зерттеулерді негізге ала отырып, зерттеу тақырыбы бойынша ең тиімді әдіс — *сауал қою әдісі* деп шешім қабылданды. Ғылыми кеңесшілерімен кеңесе отырып, зерттеуді оқушыларға мәтінді пайдаланып сұрақтар құрастыру және құрастырылған сұрақтардың Блум таксономиясындағы танымдық жіктемесі бойынша ойлау дағдыларының деңгейін анықтау арқылы жүргізуге қажет материалдар жинақталды. Зерттеуді жүргізуге қолдану үшін төмендегі тақырыптардағы 8 мәтін ұсынылды. Педагогикалық эксперимент жүргізетін уақыт оқу жылының III-ші тоқсанының басталатын кезіне сәйкес келгендіктен, мәтін тақырыптары дәл сол мерзімде оқытылатын тақырыптарға мазмұндас етіп таңдап алынды.

I кесте

Эксперимент материалдары

№	Мәтін тақырыбы	Дереккөздер
1	Солтүстік қазақ жазығы	Бейсенова Ә.С. Қазақстан географиясы. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, "Ұлағат", 2014. — 416 б.
2	Шөл зонасы	Толыбекова Ш.Т., Головина Г.Е., Ахметов Е.А., Козина С.С. Қазақстан географиясы. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Мектеп, 2019. — 168 б.
3	Ақсу-Жабағылы қорығы	Қазақстан қорықтары. Т.1. — Алматы, «Санат», 2008. — 488 б.
4	Табиғаттағы антропогенді өзгерістер	// «География в школах и ВУЗ Казахстана» журналы, 2019. — №2 (86).
5	Сарыарқа	Бірмағамбетов Ә. Географиялық атаулар сыры: Жалпы білім беретін мектептің жоғары сынып оқушыларыны арналған қосымша құрал. — Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2010. — 144 б.
6	Каспий теңізінің экологиялық жағдайы	Дүрмекбаев Ш., Мемешов С. Қазақстандағы экология жағдайының қалыптасуы: Оқулық-Астана, 2014. — 160 б.
7	Жетісу Алатауы	Толыбекова Ш.Т., Головина Г.Е., Козина С.С., Ахметов Е.А. Қазақстан географиясы. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Мектеп, 2019. — 168 б.
8	Тамғалыдағы таңбалы тастар	Сәрсенбаев А., Нысанбаев Ә., Көмсков Б. Ежелгі Қазақстан. — Алматы: Аруна, 2002. — 224 б.

Мәтіндер әртүрлі дереккөздерден алынды. Нақтылап айтқанда, жасөспірімдерге арналған энциклопедиядан, мерзімдік басылымда жарық көрген мақаланың ықшамдалған нұсқасы, оқулық қосымшасындағы материалдар, сондай-ақ мектеп оқушыларына арналған географиялық ғылыми еңбектерден оқушының меңгеруіне лайықталып алынған (1 кесте).

Зерттеу материалдарын іріктеу үшін бес адамнан тұратын комиссия тағайындалды. Комиссия құрамындағы екі адам жоғары оқу орындарында «Географияны оқыту әдістемесі» пәнінің оқытушылары болса, ал қалғандары Алматы облысының орта мектептерінде география сабағын жүргізетін жоғары санаттағы тәжірибелі мұғалімдер және мектеп психологы. Оларға зерттеуді жүргізуге дайындалған мәтіндер ұсынылып, осы мәтіндерді 12 ұпайлық шкалада бағалап, іріктеу міндеті тапсырылды. Іріктеу қорытындысы төмендегідей нәтиже көрсетті (2 кесте).

2 кесте

Экспериментке қажет мәтіндерді іріктеу нәтижесі		
№	Мәтін тақырыбы	Ұпай саны
1	Сарыарқа	12
2	Шөл зонасы	11
3	Ақсу-Жабағылы қорығы	11
4	Табиғаттағы антропогенді өзгерістер	9
5	Солтүстік қазақ жазығы	9
6	Каспий теңізінің экологиялық жағдайы	7
7	Жетісу Алатауы	6
8	Тамғалыдағы таңбалы тастар	6

Комиссия ұйғарымы бойынша экспериментке дейін және эксперименттен кейінгі нәтижелерді анықтауға жоғары ұпай жинаған «Сарыарқа» тақырыбындағы мәтін алынды [7]. Ал, одан кейінгі жоғары ұпай жинаған өзге мәтіндерді эксперимент барысында пайдалану ұсынылды. Олардың қатарында: «Шөл зонасы», «Ақсу-Жабағылы қорығы», «Табиғаттағы антропогенді өзгерістер», «Солтүстік қазақ жазығы» мәтіндері бар. Ұсынылған өзге мәтіндер зерттеу жұмыстарына пайдаланылған жоқ.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Диагностикалық бағалау кезеңі — зерттеуге қатысушы оқушылардың тәжірибеге дейінгі пәндік білімді, дағдыларды игеру ерекшеліктерін анықтау, оқу іс-әрекетін игеру деңгейін білу үшін жүргізілетін бақылау түрі. Әдетте айқындау кезеңі оқу жылының басында немесе бір тарауды бастар алдында жүргізілсе, эксперимент жоспарланған жағдайда — зерттеуге қатысушы эксперименттік топ (ЭТ) оқушыларының тәжірибеге дейінгі пәндік білімді, дағдыларды игеру ерекшеліктерін анықтау амалы болып табылады. Ал, бақылау тобының (БТ) оқушыларының оқу жетістіктерінің нәтижелері ЭТ оқушыларының экспериментке дейінгі және эксперименттен кейінгі нәтижелерді сараптауда салыстырмалы көрсеткіш ретінде пайдаланылады.

Диагностикалық бағалау тандалған сауалнама, мәтіндермен жұмыс, жүйеленген тапсырмалар немесе тест сұрақтарының т.б. көмегімен іске асады. Дұрыс тандалған тапсырмалар оқушыларда біліміне байланысты қиындық туғызғандығын, берілген тапсырмадағы жауап нұсқаларының бірі нақты сапалы көрсетілгенімен, оқушының неге дұрыс шешім қабылдамағандығын немесе бар білімді дұрыс қолдана алмағандығын анықтауға мүмкіндік береді.


Жүргізілген зерттеуімізге Алматы облысы Талғар ауданындағы №13 орта мектептің 9-сынып оқушылары (15 жас шамасындағы жасөспірімдер) қатысты. Зерттеуге өз ықтиярымен қатысқан оқушылардың жалпы саны — 62. Олардың 30-ы эксперименттік, ал 32-сі бақылау тобында болды. Екі топтағы оқушылардың білім деңгейлері шамалас. Білім деңгейін анықтау зерттеуге дейінгі және зерттеуден кейінгі нәтижелер арқылы айқындалатын болды.

Диагностикалық бағалау кезеңіндегі тапсырма

Барлық оқушыларға яғни эксперименттік және бақылау тобының оқушыларына алдын-ала комиссия ұйғарымы бойынша бекітілген «Сарыарқа» тақырыбындағы мәтін жеке парақшалармен ұсынылып, мәтіндегі деректерді пайдаланып, Блум таксономиясының әртүрлі ойлау деңгейінде сұрақтар құрастыру тапсырылды. Бұл тапсырманы орындау үшін оқушыларға 60 минут уақыт берілді. Зерттеу нәтижесі келесідей ретпен берілген (3 кесте, 2 сурет).

Диагностикалық бағалау кезеңі бойынша сандық және пайыздық көрсеткіштер

Сұрақтар жіктемесі	Бақылау тобы		Эксперименттік топ	
	Диагностикалық бағалау кезеңі		Диагностикалық бағалау кезеңі	
	саны	%	саны	%
Қате құрастырылған	14		15	
Білу	95		94	
Түсіну	64		67	
Қолдану	6		2	
Талдау	1		2	
Жинақтау	1		0	
Бағалау	1		1	
Барлығы	182		181	



2-сурет. Ойлау дағдыларының диагностикалық бағалау кезеңіндегі көрсеткіштер нәтижесі

Оқушылардың мәтін бойынша жұмысы аяқталған соң, зерттеушілер тарапынан оқушыларға келесі апталарда жоспарланған жұмыс туралы хабарланып, үйде оқулықтағы әрбір тақырып соңындағы қойылған сұрақтарды оқып, сол сияқты сұрақтардың құрастырылуы туралы ой шолулар жасау тапсырылды. Зерттеу жоспарланған екі топта да зерттеу жүргізілетін апталарда сабақтар мектеп әкімшілігі бекіткен сабақ кестесі бойынша жүргізілді.

Зерттеуші тарапынан *эксперименттік топта* әр аптада бір сағат сабақтан соң зерттеу жүргізуге ұсынылған мәтіндер бойынша қосымша сабақ өткізілді.

Қалыптастырушы бағалау кезеңі — оқушылардың оқу жетістіктерінің дамуы мен өсуіне әсер ететін сабақ барысындағы негізгі үдеріс. Білім алушының оқу іс-әрекетін жүйелі түрде басқару және оларды баптау. Ол оқу материалын меңгеру барысы мен сапасы туралы үздіксіз ақпарат алуға және соның негізінде оқу процесіне жедел өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау кезеңі 4 аптаға жоспарланды. Осы уақыт аралығында оқушыларға жоғарыда аталған 4 мәтін беріліп, әр апта соңында оның қорытындысы сараланды. Педагогикалық эксперимент барысында оқушылардың мінез-құлқы, үлгерімі, өзара қарым-қатынаста татулығы туралы көбірек білуге мүмкіндік болды. «Қай тақырыпты меңгеру қиындық туғызды, керісінше қай тақырыпта сұрақтарды құрастыру оңай түсті?» деген сұрақтарға бір айдан аса уақыт толық жеткілікті болды. Мысалы, оқытудың алғашқы аптасындағы жұмысты ұйымдастыру мен соңғы аптадағы жұмысты

ұйымдастыруда елеулі айырмашылықтар болды. Балалар біршама машықтанып, өздерінің орындауға міндетті тапсырмаларын жылдам әрі дұрыс орындауға дағдыланғаны байқалды.

Сонымен, төрт апталық оқытудағы эксперимент нәтижелерін білу үшін диагностикалық бағалау кезеңінде қолданған мәтінді қайта ұсынып, нәтижелерді салыстыруға дайындадық (4 кесте, 3 сурет).

4 кесте

Эксперименттен кейінгі нәтижелер

Сұрақтар жіктемесі	Эксперименттен кейінгі нәтижелер			
	Бақылау тобы		Эксперименттік топ	
	саны	%	саны	%
Қате құрастырылған	3	1,80	0	0
Мазмұны жақын сұрақтар	5	3,01	2	1,16
Білу	78	46,9	59	34,5
Түсіну	70	42,1	49	28,6
Қолдану	6	3,61	17	9,94
Талдау	2	1,20	13	7,60
Жинақтау	1	0,60	15	8,77
Бағалау	1	0,60	16	9,35
Барлығы	166	100	171	100



3-сурет. Ойлау дағдыларының зерттеуден кейінгі көрсеткіштер нәтижесі

Зерттеу нәтижелерінен байқағанымыздай, зерттеуге дейінгі және зерттеуден кейінгі мәліметтерде бақылау тобындағы сандық, пайыздық көрсеткіштерде аса айырмашылық жоқ. Мәселен, *білу деңгейі* бойынша зерттеуден кейінгі көрсеткіштер 0,9 % ға кемісе, *түсіну деңгейі* 0,3 % пайызға артқан. Ал қате құрастырылған сұрақтар саны 1-ге азайған, мазмұны жақын сұрақтар небәрі 1 сұраққа көбейген. *Қолдану деңгейіндегі* сұрақтар саны 2 сұраққа кемісе, ал *талдау деңгейі* бойынша бар болғаны екі сұрақ құрастырылыпты. Ойлау деңгейінің аса жоғары саналатын сұрақтары бойынша *бағалау деңгейі* өзгеріссіз қалып тұр. Ал *креативті (шығармашылық) деңгейді* көрсететін тек бір сұрақ құрастырылған.

Эксперименттік топтағы нәтижелер басқаша деуге толық негіз бар. Мұндағы қорытынды нәтижелер бойынша талдау жасап байқағанымыздай, қате құрастырылған сұрақтар саны зерттеуге дейін 3

болса, зерттеуден кейінгі нәтиже бойынша мүлдем жоқ. Яғни, оқушылар сұрақты барынша дұрыс құрастырды деуге болады. Ал, мазмұны жақын сұрақтар 2, есте сақтау 18, түсіну 21 сұраққа кеміп, оның есесіне ойлаудың жоғары деңгейлері саналатын талдау 11, бағалау 15, ал креативті (шығармашылық) 15 сұраққа артып, атқарылған зерттеу жұмысының оң нәтижесін бергенін дәлелдеді. Пайыздық көрсеткішпен айтқанда, қолдану 4,6 %, талдау 6,3 %, бағалау 8,77 %, креативті (шығармашылық) 8,75 %-ға артқанын талдау нәтижесі көрсетті.

Қорытынды

Әрбір пән секілді мектеп географиясын оқыту үдерісінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Олар ең алдымен, осы пәннің базалық ғылымының — әрі жаратылыстану, әрі қоғамдық ғылымдар қатарына жатуымен, күрделі құрылымымен, «табиғи орта — қоғам — адам» жүйесін түгелдей қамтуымен байланысты. География әр түрлі аумақтық жүйелердің кеңістіктік-уақыттық өзара байланыстарын, табиғи және антропогендік факторлар мен даму ерекшеліктерін зерттейді.

Зерттеу жұмысының алдына қойған мақсаты — жаңартылған білім мазмұны аясында білім алушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыруды теориялық негіздеу және оның тиімді әдістемесін әзірлеу болатын.

Жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастырудың теориясы көптеген ғалымдардың, философтардың, әдіскер педагогтердің зерттеулерінен алынған мағлұматтарды зерделеп, заман ағымына сай мазмұнға келтіріп, сондай-ақ ұлттық құндылықтарымызды ескере отырып, теориялық тұрғыда негізделді.

Жаңартылған мазмұн жағдайында жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастырудың әдістемесі бойынша зерттеу барысында жинақтаған болжамды ұсыныстарды эксперимент тұрғысында дәлелдеуіміз әдістемелік жағынан көмекші құрал әзірлеуге мүмкіндік берді.

Пайдаланылған әдістің нәтижесінің табысты болуына оқытылатын тақырыпты таңдау, берілетін тапсырманы дайындауда мұқияттылық, сабаққа қажетті оқу материалдарын дұрыс жинақтаудың аса маңыздылығын жадымыздан шығармауымыз керек. Нәтижесі оң болғандықтан, бұл бағыттағы сабақтарды көбірек өткізу керектігіне көзіміз жетті. Ойлау дағдыларын жоғары деңгейге жеткізудің мүмкіндігі осы оқыту процесінде кеңінен талқыланды. Мәліметтерді өңдеп, салыстыру қабілетін игеретіні де сөзсіз. Сондай-ақ осы зерттеудің маңызды материалы мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын, ондағы мәліметтерді өз бетінше түсініп, өзінің күнделікті өмірінде пайдалана білуге мүмкіндік беретінін ескеру аса өзекті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Сейтказиева С.Е. Мектеп жасындағы балалардың өзіндік санасын қалыптастырудың ғылыми негіздері / С.Е. Сейтказиева // Ясауи университетінің хабаршысы. —2020. — №1(115). — Б. 181-191.
- 2 Канатова Ж.К. Особенности обновленного содержания учебной программы по географии в казахстанских школах [Электронный ресурс] / Ж.К. Канатова // Молодой ученый. — 2018. — Вып. 20 (206). — С. 385–388. — Режим доступа: <https://moluch.ru/archive/206/50546>.
- 3 Erdoğan T. The View of Primary School Fourth Grade Students and Teachers' Questions about Turkish Language Lessons in the Terms of the Revised Bloom Taxonomy / T. Erdoğan // Education and Science. —2017. — No 42 (92). — P. 173–191.
- 4 Nagappan R. The teaching of higher-order thinking skills in Malaysia / R. Nagappan // Journal of Southeast Asian Education. — 2017. — No 2(1). — P. 1–21.
- 5 Aksoy B. An Evaluation of map literacy of social studies preserves teachers / B. Aksoy, S. Ablak // Participatory Educational Research (PER). —2019. — No 6 (2). — P. 158–168.
- 6 Kaldybekova R. Impact of activity-based map literacy skills teaching on academic achievement levels of secondary school students in Kazakhstan / R. Kaldybekova, B. Aksoy, B. Abdymanafov // Review of International Geographical Education (RIGEO). —2021. — No 11 (1). — P. 151–167.
- 7 Бірмағамбетов Ө. Географиялық атаулар сыры /Ө. Бірмағамбетов. — Астана: «Арман-ПВ», 2010. —144 б.

Р. Калдыбекова, Б. Абдиманапов, Н. Карменова, Г. Бердыгулова

Пути формирования у учащихся навыков мышления высокого уровня методом опроса

Сегодня перед казахстанской системой образования стоят вопросы повышения конкурентоспособности качества образования, адаптации к реальным жизненным периодам. Ведь человек живет в обществе в условиях, требующих высоких профессиональных и интеллектуальных способностей для принятия правильных решений в связи с различными жизненными проблемами. В статье рассмотрена важность рассмотрения путей формирования у учащихся навыков мышления высокого уровня в условиях обновленного содержания образования по географии. Ведь знания, полученные в школе, ученик реализует через высокий уровень мыслительных навыков, умение разумно использовать их в жизни. Формирование мышления на высоком уровне — это способность сохранять, оценивать, анализировать в своем сознании информацию, полученную в результате наблюдения, опыта, мышления и обсуждения, а в дальнейшем — прививать творческие навыки ученику. Во введении статьи в формировании навыков мышления сделаны обзоры философской, педагогико-психологической, научно-методической литературы, затрагиваются взгляды и выводы ученых в данном контексте. Эксперимент, включающий в себя основную часть статьи, представлен результатами и итогами исследовательской работы по четырехнедельной исследовательской программе (9 класс), призванной конкретизировать пути формирования навыков мышления высокого уровня в географическом образовании. По итогам диагностического оценочного этапа и результатов после проведенного эксперимента излагаются эффективные моменты применяемого метода.

Ключевые слова: сократовский метод анкетирования, обновленное образование, таксономия Блума, навыки мышления, познавательная классификация, педагогический эксперимент, диагностический оценочный этап, заключительные результаты.

R. Kaldybekova, B. Abdimanapov, N. Karmenova, G. Berdygulova

Ways to develop high-level thinking skills in students by the method of questioning

Today, the Kazakhstani education system faces the issues of increasing the competitiveness of the quality of education, adapting to real life periods. After all, a person lives in a society in conditions that require high professional and intellectual abilities to make the right decisions in connection with various life problems. The article discusses the importance of considering ways to develop high-level thinking skills in students in the context of the updated content of education in geography. After all, the knowledge gained at school, the student implements through a high level of mental skills, the ability to use them wisely in life. The formation of thinking at a high level is the ability to store, evaluate, analyze in your mind the information obtained as a result of observation, experience, thinking and discussion, and in the future to instill creative skills in the student. In the introduction of the article in the formation of thinking skills, reviews of philosophical, pedagogical-psychological, scientific and methodological literature are made, the views and conclusions of scientists in this context are affected. The experiment, which includes the main part of the article, is presented by the results of a research work on a four-week research program (Grade 9), designed to concretize the ways of developing high-level thinking skills in geographical education. Based on the results of the diagnostic evaluation stage and the results after the experiment, the effective points of the method used are outlined.

References

1. Seitkazieva, S.E. (2020). Mektep zhasyndagy balalardyn ozindik sanasyn qalyptastyrydyn gylymi negizderi [Scientific bases of formation of self-consciousness of school-age children]. *Yasawi universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Yasawi University*, 1(115), 181-191 [in Kazakh].
2. Kanatova, Zh.K. (2018). Osobennosti obnovennoy soderzhaniiya uchebnoy programmy po geografii v kazakhstanskikh shkolakh [Features of the updated content of the curriculum in geography in Kazakhstani schools]. *Molodoi uchenyi — Young scientist*, 20(206), 385–388. Retrieved from <https://moluch.ru/archive/206/50546> [in Russian].
3. Erdoğan, T. (2017). The View of Primary School Fourth Grade Students and Teachers' Questions about Turkish Language Lessons in the Terms of the Revised Bloom Taxonomy. *Education and Science*, 42(192), 173-191.
4. Nagappan R. (2017). The teaching of higher-order thinking skills in Malaysia. *Journal of Southeast Asian Education*, 2(1), 1–21.
5. Aksoy, B. & Ablak, S. (2019). An Evaluation of map literacy of social studies preservers teachers. *Participatory Educational Research (PER)*, 6(2), 158-168.
6. Kaldybekova, R., Aksoy, B. & Abdymanapov, B. (2021). Impact of activity-based map literacy skills teaching on academic achievement levels of secondary school students in Kazakhstan. *Review of International Geographical Education (RIGEO)*, 11(1), 151-167.
7. Birmagambetov, A. (2010). Geografiialyq ataular syry [The secret of geographical names]. Astana: “Arman-PV” [in Kazakh].